

**"Ақтөбе облысының туризм және сыртқы байланыстар басқармасы" мемлекеттік мекемесінің атауын өзгерту туралы**

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2016 жылғы 22 сәуірдегі № 162 қаулысы

**РҚАО ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 17-бабына, Қазақстан Республикасы Призедентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ақтөбе облысының туризм және сыртқы байланыстар басқармасы" мемлекеттік мекемесінің атауы "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі болып өзгертілсін.
2. Қоса беріліп отырған "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
3. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 9 қарашадағы № 415 "Ақтөбе облысының туризм және сыртқы байланыстар басқармасы" мемлекеттік мекемесін құру туралы ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4628 болып тіркелген, "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде 2015 жылғы 10 желтоқсанда жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.
4. "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Ғ.Н. Есқалиевке жүктелсін.
6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе облысының әкімі*

*Б.Сапарбаев*

Ақтөбе облысы әкімдігінің  
2016 жылғы 22 сәуірдегі  
№ 162 қаулысымен  
БЕКІТІЛДІ

# **"Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы"** **мемлекеттік мекемесі туралы Ереже**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес әзірленді және "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мәртебесі мен өкілеттіктерін айқындайды.

2. "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің филиалдары және өкілдіктері жоқ.

3. "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Ақтөбе облысының Қазынашылық департаменті" мемлекеттік мекемесі органдарында шоттары бар.

5. "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға тарапы болуға құқығы бар.

7. "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 030010 Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40 үй.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар

және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметін қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

13. "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Ақтөбе облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі миссиясы облыстың туристтық және сыртқы байланыстар саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізуге жәрдем көрсету және өндіру.

15. Міндеттері:

1) Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туристік саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыруға қатысады, стратегиялық мақсаттары мен басымдықтарын қалыптастырады;

2) республиканың облыстарымен, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының елдерімен және алыс шетелдермен аймақтың аймақаралық, интеграциялық өзара тиімді байланыстарын дамытады және нығайтады, шекаралық ынтымақтастықты жандандырады, облыстың экспорттық-импорттық әлуетін тиімді пайдалануға, аймақтық тауарөндірушілердің өнімдерін шетке шығару географиясын және өткізу нарығын кеңейтуге ықпал етеді;

3) облыс басшылығының ресми қабылдауларын, шетел делегацияларымен кездесулерін ұйымдастыруға көмектеседі;

4) азаматтардың туристік қызмет саласында демалу, еркін жүріп-тұру құқықтарын қамтамасыз етеді;

5) туристерге тәрбие, білім беруге және оларды сауықтыруға бағытталған қызмет үшін жағдайлар жасайды;

6) саяхат жасау кезінде азаматтардың қажеттер қамтамасыз ететін туристік индустрияны дамытады;

7) туристік индустрияны дамыту есебінен жаңа жұмыс орындарын құру, мемлекеттің және Қазақстан Республикасы азаматтарының табыстарын молайтады;

8) халықаралық туристік байланыстарды дамытады.

16. Функциялары:

1) Ақтөбе облысының аумағында туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады және үйлестіруді жүзеге асырады;

2) туристік қызметтер көрсету нарығына талдау жасайды және Ақтөбе облысының аумағында туризмнің дамуы туралы қажетті мәліметтерді уәкілетті органға табыс етеді;

3) облыстық туристік ресурстарды қорғау жөніндегі шараларды әзірлейді және енгізеді;

4) Ақтөбе облысының аумағында туристік индустрия объектілерін жоспарлау және салу жөніндегі қызметті үйлестіреді;

5) балалар мен жастар лагерьлерінің, туристер бірлестіктерінің қызметіне және өз бетінше туризмді дамытуға жәрдем көрсетеді;

6) туристік қызмет субъектілеріне туристік қызметті ұйымдастыруға байланысты мәселелерде әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;

7) халықты жұмыспен қамтуды ұлғайту шарасы ретінде туристік қызмет саласындағы кәсіпкерлікті дамытады және қолдайды;

8) туристік ақпаратты, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері мен туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпаратты беруге арналған мемлекеттік қызметтерді көрсетеді;

9) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес туроператорлық қызметті лицензиялауды жүзеге асырады;

10) гидті (аудармашы гидті) кәсіптік даярлауды ұйымдастырады;

11) уәкілетті органмен келісу бойынша туристік саланы дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітеді;

12) туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімін жүргізеді;

13) туризмді дамытудың өңірлік бағдарламаларын орындауға бағытталған іс-шараларды іске асыруды жүзеге асырады;

14) тоқсан сайын өкілетті органға туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың мемлекеттік тіркеліміне енгізу үшін қажетті ақпараттар қалыптастырады және ұсынады ;

15) туристтық және сыртқы байланыстар мәселелерін бұқаралы ақпарат құралдарында және интернет-ресурстарда басылуын ұйымдастырады;

16) сыртқы байланыстар, туристік сала мәселелері бойынша форумдар, көрмелер, тұсаукесерлер, кеңестер және семинарлар, "дөңгелек үстелдер" ұйымдастырады және

қатысады, сонымен қатар олардың облыста, Қазақстан Республикасында және шетелдерде өткізілуі бойынша ұсыныстар енгізеді;

17) облыстың аймақаралық және интеграциялық байланысын, сондай-ақ экспорттық-импорттық әлеуетін дамытады;

18) жергілікті, отандық және шетелдік тауарөндірушілер – сыртқы экономикалық қызметтерге қатынасушылардың деректер жинақтамасын жасайды және жүргізеді, біріккен кәсіпорындар құруға ықпал етеді;

19) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өкілеттіктерді жүзеге асырады.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) Заңменен, басқа да нормативтік актілермен белгіленген тәртіппен облыстық, қалалық және аудандық атқарушы органдардан және басқа мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдардан басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер жөнінде қажетті материалдарды сұратып алады және тиісінше хат жазысу жүргізеді;

2) "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" құзыретіне кіретін мәселелер бойынша болжамдар, бағдарламалар, талдамалық шолулар дайындағанда

3) басқа облыстардың, орталық атқару органдарының және шет елдердің тиісті құрылымдарымен жұмыс тәжірибесі мен ақпарат алмасуда іскерлік байланысты реттеу мақсатында өзара іс-қимыл жасайды;

4) "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен кеңестер өткізуге бастама көтереді;

5) республикалық өңіраралық және басқа да іс-шараларға Ақтөбе облысы өкілдерінің қатысуын ұйымдастырады.

"Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі:

1) өз құзыретіне жататын мәселелерді шешуде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын сақтауға;

2) өз құзырет шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

### **3. "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметін ұйымдастыру**

18. "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшылықты "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады....

19. "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік

мекемесі бірінші басшысын Ақтөбе облысының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің штат кестесі бойынша бірінші басшының орынбасарлары қарастырылмаған.

21. "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

1) бөлім басшылары мен басқа да жауапты қызметкерлердің өкілеттіктері мен міндеттерін белгілейді;

2) "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мамандарын іріктеу және орналастыру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырады, басқарма қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

3) қолданыстағы заңнамаға сәйкес, барлық органдар мен ұйымдарда "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" атынан сөйлейді;

4) еңбекке ақы төлеу қорының шегінде қызметкерлердің құрылымын, штаттық кестесін және "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" бөлімдерінің ережелерін (функционалды міндеттерін) бекітеді;

5) "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекетке бағытталған шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдануына дербес жауапты болады.

"Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

#### **4. "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі**

22. "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі бар.

"Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған

мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату**

25. "Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату, осы қаулыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК